

ОТЗЫВ

**на диссертационную работу Баймырза Айнұр Аманғалиқызы
на тему «Языковая идентичность и полиязычие молодежи»,
выполненную на соискание степени доктора философии (PhD)
по образовательной программе «6D021300 – Лингвистика»**

Диссертационная работа Баймырза Айнұр Аманғалиқызы посвящена актуальной проблеме в казахстанской языкознании — изучению языковой идентичности многоязычной молодежи. Исследование отличается междисциплинарным подходом, сочетающим социолингвистические, психологические и этнокультурные аспекты формирования идентичности у студентов Казахстана.


Айнұр Аманғалиқызы провела масштабную эмпирическую работу. Анкетный опрос охватил 500 студентов первого курса из пяти региональных вузов Казахстана (Астана, Петропавл, Шымкент, Актөбе, Усть-Каменогорск), что позволило сопоставить региональные особенности языкового поведения. Наряду с количественным анализом (включая применение индекса Дж. Гринберга), в исследование включен качественный метод — полуструктурированные интервью, направленные на выявление субъективных языковых установок и внутренних противоречий в идентичности.

Докторант чётко разграничивает такие важные понятия, как языковая, этническая и гражданская идентичность, показывая, как они соотносятся друг с другом в сознании многоязычных студентов. Особое внимание уделено влиянию языковой политики, образовательной среды, семейного окружения и цифровых технологий на языковой выбор молодежи.

Научная новизна исследования заключается в выявлении структурных компонентов языковой идентичности студентов, определении корреляции между родным языком и этнической принадлежностью, а также в обосновании моделей адаптивной многоязычной идентичности.

Практическая значимость работы проявляется в возможности использования её результатов при разработке молодежной языковой политики и образовательных программ в многоязычной среде.

Структура диссертационного исследования выстроена логично и последовательно, отражая этапность раскрытия темы, посвящённой языковой идентичности многоязычной молодёжи Казахстана. Работа включает в себя введение, три основных главы, заключение, список использованной литературы и приложения.



Во введении обоснована актуальность исследования, определены его объект, предмет, цель и задачи, охарактеризованы научная новизна, теоретическая и практическая значимость, а также представлена методология и эмпирическая база исследования. Кроме того, дана общая характеристика структуры работы.

Первая глава посвящена теоретическому анализу ключевых понятий исследования. Здесь рассматриваются лингвистические, социальные и психологические аспекты языковой идентичности, её связь с этнической и гражданской идентичностями, а также особенности многоязычной ситуации в Казахстане и направления государственной языковой политики. Отдельный раздел главы описывает методологию исследования, включая количественные (анкетирование, индекс Дж. Гринберга) и качественные (полуструктурированное интервью) методы.

Вторая глава содержит количественный анализ собранных данных. В ней представлены сведения из национальных переписей населения и результаты анкетирования, проведённого среди студентов. Анализируются уровни многоязычия и языковой идентичности, а также выявляются региональные различия с опорой на индекс Дж. Гринберга. Рассматриваются взаимосвязи между родным языком и этнической самоидентификацией.

Третья глава сосредоточена на интерпретации качественных данных. Здесь рассматриваются реальные языковые практики студентов в разных социальных контекстах (семья, учеба, общество), их эмоциональные и ценностные установки в отношении казахского, русского и английского языков. Также анализируются внутренние противоречия в языковой идентичности, возникающие в условиях многоязычия.

В заключении подведены итоги проведённого исследования, сформулированы выводы по каждой из поставленных задач, подтверждена выдвинутая гипотеза, а также представлены рекомендации для дальнейших научных исследований и практического применения результатов.

Диссертация Баймырза Айнұр Аманғалиқызы отвечает всем требованиям, предъявляемым к докторским работам PhD, отличается высоким уровнем научной проработки, теоретической глубиной и эмпирической достоверностью.

Докторант проявила самостоятельность мышления, владение исследовательскими методами и академическим стилем.

Считаем, что представленная работа на соискание степени доктора философии (PhD) по образовательной программе «6D021300 – Лингвистика» заслуживает положительной оценки.

Хельсинки, Финляндия

22.5.2025



Зарубежный научный руководитель:

доктор филологических наук, профессор

Арто Мустайоки

Хельсинкский университет

6D021300 – «Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша
« Жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі» тақырыбына арналған, философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Баймырза Айнұр Аманғалиқызының
диссертациялық жұмысына

ІШКІР

Баймырза Айнұр Аманғалиқызының диссертациялық жұмысы қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселеге — көптілді жастардың тілдік сәйкестілігін зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысы социолингвистикалық, психологиялық және этномәдени тәсілдерді ұштастыра отырып, Қазақстан студенттерінің сәйкестілігінің қалыптасу аспектілерін кешенді түрде қарастырады.

Айнұр Аманғалиқызы Қазақстанның бес аймағындағы жоғары оқу орындарының (Астана, Петропавл, Шымкент, Ақтөбе, Өскемен) бірінші курс студенттері арасынан 500 адамды қамтыған кең көлемді эмпирикалық зерттеу жүргізді. Бұл өңірлік тілдік мінез-құлық ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік берді. Дж. Гринберг индексі қолдануды қамтитын сандық талдаумен қатар, зерттеуде сапалық әдіс — жартылай құрылымдалған сұхбат әдісі де пайдаланылған. Ол студенттердің тілдік ұстанымдары мен сәйкестілікке қатысты ішкі қайшылықтарын анықтауға бағытталған.

Докторант тіл, этникалық және азаматтық сәйкестілік сияқты маңызды ұғымдарды айқын ажыратып, олардың көптілді студенттердің санасында қалай өзара байланысатынын көрсетті. Сондай-ақ тілдік саясатқа, білім беру ортасына, отбасылық орта мен цифрлық технологиялардың жастардың тілдік мінез-құлқына әсеріне ерекше назар аударылған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы студенттердің тілдік сәйкестілігінің құрылымдық компоненттерін айқындаудан, ана тілі мен этникалық тиістіліктің арасындағы корреляцияны анықтаудан, сондай-ақ бейімделген көптілді сәйкестілік модельдерін негіздеуден көрінеді.

Жұмыстың практикалық маңызы оның нәтижелерін жастардың тіл саясатын және көптілді ортадағы білім беру бағдарламаларын әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы логикалық және дәйекті, Қазақстанның көптілді жастарының тілдік сәйкестілігі мәселесін толық ашуға бағытталған. Жұмыс кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Хельсинки университеті

Гуманитарлық факультет

Тілдер кафедрасы, орыс тілі және әдебиеті бөлімі

Мекенжайы: PL 24, FI-00014 Хельсинки университеті, Финляндия.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі негізделіп, оның нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері айқындалған, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы сипатталған, сондай-ақ зерттеудің әдіснамасы мен эмпирикалық базасы көрсетілген. Бұдан бөлек, жұмыстың құрылымының жалпы сипаттамасы берілген.

Бірінші тарау зерттеудің негізгі ұғымдарын теориялық тұрғыдан талдауға арналған. Мұнда тілдік сәйкестілік мәселесінің лингвистикалық, әлеуметтік және психологиялық аспектілері, оның этникалық және азаматтық сәйкестілікпен байланысы, сондай-ақ Қазақстандағы көптілді жағдай мен мемлекеттік тіл саясатының бағыттары қарастырылады. Тараудың жеке бөлімі зерттеу әдіснамасын сипаттайды, оған сандық (сауалнама, Дж. Гринберг индексі) және сапалық (жартылай құрылымдалған сұхбат) әдістер кіреді.

Екінші тарау жиналған деректердің сандық талдауына арналған. Онда халық санағы мен студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, көптілділік пен тілдік сәйкестіліктің деңгейлері талданады, сонымен қатар Дж. Гринберг индексіне сүйене отырып аймақтық айырмашылықтар айқындалады. Ана тілі мен этникалық өзін-өзі сәйкестендіру арасындағы өзара байланыс қарастырылады.

Үшінші тарау сапалық деректерді интерпретациялауға арналған. Мұнда студенттердің әртүрлі әлеуметтік контексттердегі нақты тілдік тәжірибелері қарастырылып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің арақатынасы сипатталады. Сондай-ақ көптілді орта жағдайында туындайтын тілдік сәйкестілікке қатысты ішкі қайшылықтар мен қарама-қайшылықтар талданады.

Қорытынды бөлімде жүргізілген зерттеудің нәтижелері тұжырымдалып, қойылған міндеттердің әрқайсысы бойынша қорытындылар жасалған, ұсынылған гипотеза расталып, әрі қарайғы ғылыми зерттеулер мен нәтижелердің практикалық қолданылуына арналған ұсынымдар берілген.

Баймырза Айнұр Аманғалиқызының диссертациялық жұмысы PhD докторлық жұмыстарына қойылатын барлық талаптарға сай келеді, ғылыми мазмұнының тереңдігімен, теориялық және эмпирикалық негізділігімен ерекшеленеді.

Докторант өз бетінше ой қорыту қабілетін, зерттеу әдістерін және академиялық стильді меңгергенін көрсетті.

Біз бұл жұмысты 6D021300 – «Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған еңбек ретінде оң бағалауға лайық деп есептейміз.

Шетелдік ғылыми жетекші:

Филология ғылымдарының докторы, профессор

Арто Мустайоки /қолы/

Хельсинки университеті

Хельсинки, Финляндия

22.5.2025

Мөр: Хельсинки университеті

Орыс тілінен қазақ тіліне аударманы мен, аудармашы, тілдік аудармалар бойынша жеке кәсіпкер Кулбаева Улбосын Амаловна аудардым. Мәтіннің дұрыс аударылуы үшін мен толық жауаптымын. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу куәлігінің нөмірі-27.03.2017 жылғы № KZ03UWQ0101986 қызмет түрі: "тіл аудармасы", Ұялы.тел/, Whatsapp: +77024007524